



## Air Astana компаниялар тобы

### 2026 жылдың бірінші тоқсан нәтижелерін жариялау туралы хабарлама

**Алматы, Қазақстан** – «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және оның еншілес кәсіпорны FlyArystan-мен бірге «Топ»), табыс пен әуе паркі көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы ең ірі әуе компаниялар тобы, 2026 жылдың 31 наурызында аяқталған бірінші тоқсан нәтижелерін сейсенбі, 2026 жылдың 5 мамырында жариялайды.

Басшылық нәтижелер жарияланған күні, Астана уақыты бойынша сағат 14:00-де тікелей эфир (вебкаст) және сұрақ-жауап сессиясын өткізеді.

Қоңырауға келесі сілтеме арқылы қосылуға болады:

Ағылшын тілінде: [Air Astana Q1 2026 Webcast](#)

Орыс тілінде: [Air Astana Результаты за 1 квартал 2026 года](#)

Қазақ тілінде: [Air Astana 2026 жылдың 1 тоқсан нәтижелері](#)

Сұрақтар бойынша сайтқа кіріңіз [ir.airastana.com](http://ir.airastana.com) немесе хабарласыңыз:

**Инвесторлармен байланыс қызметі:**

[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

**Медиа:**

[airastana@fticonsulting.com](mailto:airastana@fticonsulting.com)

### Air Astana тобы туралы

Air Astana Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы болып табылады. Топ 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» АҚ толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған «FlyArystan» АҚ бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 63 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Топ Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» АҚ Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он төрт рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын тоғызыншы рет иемденіп отыр. FlyArystan үш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).